

17-мамыр күні «Жас музыка зерттеушілер» Ғылыми мектебінде ө.ғ.к. Бақыт Жолдыбайқызы Тұрмағамбетованың жетекшілігімен «Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогі» мамандығының 4-курс студенті **Сабыржан Жұмақұловтың** «Жас домбырашылардың алғашқы репертуары» атты екі жинағының таныстырылым-концерті өтті. Қатысушы қонақтармен бірге университеттің Ғылым департаментінің директоры, э.ғ.к. қауымдастырылған профессор А.М. Бакирбекова жылы лебіздерін білдірді.



Бұл музыка мектебінің 1-3 сынып оқушыларына арналған жинақтардың лентасын «Д.Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінің оқытушысы, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері **Е.Т.Сақтанов** пен Абай атындағы Атырау қалалық Оқушылар орталығының мұғалімі, ардагер ұстаз **Р.Әжмұхамбетова** қиды.



Ісшараға «музыка және өнер» кафедрасының филиалы орналасқан Махамбет ауданы З.Ещанова атындағы БӨМ мұғалімдері Р.Елемесов, Т.Сұлтан, С.Нұрмұханова арнайы келіп, шәкірттері А.Темірқанатова, Г.Дәукенбай домбырада күй шертті. Р.Әжмұхамбетованың «Нұрлы саз» домбырашылар ансамблі мен шәкірті А.Есей өнерлерімен көрерменін тәнті етті.

